

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының бюджеттен тыс есебінің қаражатын қалыптастыру және пайдалану тәртібі туралы НҰСҚАУ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі 30.09.1997 ж., Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1997 ж., Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы 01.10.1997 ж. N 26. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 01 қазанда тіркелді. Тіркеу N 378. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің НҚА мемлекеттік тіркеудің күшін жоюы туралы 1998 жылғы 12 маусымдағы қорытындысы.

НҰСҚАУ

1. Бұл Нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің 20.06.97 жылғы N 3558 К973558_ "Қылмыскерлікпен күрестің 1997-1998 жылдарға арналған және құқық қорғау қызметінің 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.09.1997 жылғы N 1345 Р971345_ "Прокуратура органдарының бюджеттен тыс есебі туралы" Қаулысына сәйкес жасалған және ол прокуратура органдарының бюджеттен тыс есебінің (ары қарай - бюджеттен тыс есеп) қаражатын қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Қаражатқа есеп жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Бюджет банкінде және оның облыстық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралардың бюджеттен тыс есебі ашылады.

3. Бюджеттен тыс есептің қаражаты прокуратура органдарының талап ету жұмысының, сондай-ақ басқа да прокурорлық қадағалау шараларының нәтижесінде мемлекетке келген залал нақты өтеліп, мемлекет бюджетіне түскен соманың 10 процентін аудару есебінен құралады, ол шараларға бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуын және мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндеттемелерін қамтамасыз етуге байланысты салық қызметінің органдары жүргізген тексеру немесе заңға сәйкес қабылдаған шаралары кірмейді.

Прокуратура органдары талап еткен соманы салық органдары бюджетке түсетін төлеммен бірдей календарлық кезекпен өндіруі тиіс.

Прокуратура органдары өндірген және есепке алынған деп прокурорлық шара нәтижесінде заңды және жеке тұлғалардан нақты аударылған сома есептелінеді:

- тиісті бюджетке кіріс 90 процент мөлшерінде;

- прокуратура органдарының бюджеттен тыс есебіне 10 процент мөлшерінде.

4. Өндірілген қаражат Бас прокуратураның орталық аппараты мен прокуратураның жергілікті органдары үшін ашылатын "Тапсырмалар бойынша сома" есебінде сақталады.

Облыстық және оларға теңестірілген прокуратуралар бюджеттен тыс есепке қаржының жинақталғанына қарай норматив бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның "Тапсырмалар бойынша сома" есебіне аударады. Аудару нормативі әрбір нақты жағдайда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының хаттамалық шешімімен өзінше белгіленеді.

Облыстық прокуратуралар мен оларға теңестірілген прокуратуралар әр айдың 10 жұлдызына дейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бюджеттен тыс есебіне нақты аударылған сома жайында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына тізім жібереді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бюджеттен тыс есебіне түскен сома жайындағы жиынтық жедел мәлімет Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігіне әр айдың 15-не дейін ай сайын хабарланады.

Тексеру барысында прокуратура органдарының шешімімен ақша қаражаты алынған жауапкер толық ақталса, заңда белгіленген тәртіпте залалдың орны толтырылады.

Қаражаттың заңсыз есепке алынуына және есептегі қаражаттың мақсатсыз жұмсалыуына жол берген лауазымды адамдар. Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарына сәйкес тәртіптің және материалдық жауаптылыққа тартылады.

5. Бюджеттен тыс есептегі қаражат мына мақсатта жұмсалады.

- 70 процент мөлшерінде Бас прокуратураның Ақмола қаласына көшуін қамтамасыз ету үшін, қызмет ғимараттарын, құрылыстарды, тұрғызу үшін, қызметкерлерге пәтер сатып алу үшін;

- 10 процент мөлшері прокуратура органдарының материалдық техникалық бағасын нығайту үшін (құрал-жабдықтар, инвентарь, оргтехника, көлік құралдарын сатып алу);

- 10 процент мөлшерінде қызметкерлерді емдеу-сауықтыру шаралары және басқа да денсаулық сақтау мақсаттары үшін;

- 10 процент мөлшерінде қызметкерлердің біліктілігін арттыруға байланысты шығаруды өтеу үшін.

6. Бюджеттен тыс есептің қаражаты белгіленген тәртіпте бекітілген шығындар сметасы мен хаттамалық шешімдер негізінде жұмсалады.

7. Ағымдағы есептің шығындар сметасын пайдалануды бақылау прокуратура органдарының қаржы қызметіне жүктеледі, ол тоқсан сайын бухгалтерлік есеппен бірге А-II формада (код 0503242) "Тапсырмалар бойынша соманың

жұмсалы барысы жөнінде есеп" береді. Тапсырмалар бойынша соманың ағымдағы есебіне түскен сома "Тапсырмалар бойынша соманың ағымдағы есебінің" 110 субесебінің дебетіне және "Тапсырмалар бойынша шығынға жататын қаражат есеп-қисабының" 176 субесебінің кредитіне жазылады.

Тапсырманы орындауға жұмсалған қаражат шығыны "Тапсырмаларға байланысты шығын үшін алынған қаражат бойынша есеп-қисаптың" 176-субесебінің, "Басқа да қаражаттар бойынша шығынның" 213 субесебінің дебетіне және "Тапсырмалар бойынша соманың ағымдағы есебінің" 110 субесебінің кредитіне жазылады.

176 субесеп бойынша жүргізілетін есеп - қисапты талдау тапсырмаларды орындауға қаржысы келіп түскен органдарға қатысты ф.292-а карточкаларында (292 кітапта) жүргізіледі.